

Стационарлық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарындағы медициналық көмектің түрлері мен көлемін бекіту туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2003 жылғы 25 қыркүйектегі N 705 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2003 жылғы 20 қазанда тіркелді. Тіркеу N 2530. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2009 жылғы 26 қарашадағы N 796 Бұйрығымен.

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2009.11.26 N 796 бұйрығымен.

"Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 29-бабының 3-тармағын іске асыру мақсатында бұйырамын:

1. Қоса беріліп отырған стационарлық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарындағы медициналық көмектің көлемі мен түрлері бекітілсін.

2. Облыстардың, Астана және Алматы қалалары денсаулық сақтау басқармаларының (департаменттерінің) басшылары, стационарлық көмек көрсететін республикалық денсаулық сақтау ұйымдарының басшылары осы бұйрықты басшылыққа алсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі С.Ә.Диқанбаеваға жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

"Стационарлық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарындағы медициналық көмектің көлемі мен түрлерін бекіту туралы" 2003 жылғы 25 қыркүйектегі N 705 Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен бекітілген

Стационарлық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарындағы медициналық көмектің көлемі мен түрлері

1. Стационарлық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарында медициналық көмектің негізгі түрлері:

- 1) білікті медициналық көмек;
- 2) мамандандырылған медициналық көмек;
- 3) жоғары мамандандырылған медициналық көмек болып табылады.

2. Стационарлық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарындағы медициналық көмектің түрлері дәрігерлік мамандықтарға байланысты терапиялық, хирургиялық, педиатриялық және акушерлік-гинекологиялық бейіндерге бөлінеді.

3. Терапиялық бейінге терапия, аллергология, гастроэнтерология, гематология, нефрология, кардиология, кардиоревматология, пульмонология, ревматология, эндокринология, психиатрия, психотерапия, медициналық психология, неврология, сексопатология, реабилитология, профпатология, наркология, фтизиатрия, дермато-венерология, дермато-косметология, инфекциялық аурулар, иммунология, лепрология кіреді.

4. Хирургиялық бейінге хирургия, эндоскопия, онкология, травматология және ортопедия, комбустиология, урология, андрология, оториноларингология, офтальмология, проктология, маммология, стоматология, ортодонтикалық стоматология, ортопедиялық стоматология, бет-жақ хирургиясы, трансплантология, экстракорпоральды детоксикация, гипербарикалық оксигенация, токсикология, реаниматология кіреді.

5. Педиатриялық бейінге педиатрия, фтизиопедиатрия, балалар реаниматологиясы, балалар хирургиясы, балалар эндоскопиясы, балалар травматологиясы және ортопедиясы, балалар комбустиологиясы, балалар трансплантологиясы, балалардың экстракорпоральды детоксикациясы, балалар аллергологиясы, балалар кардиоревматологиясы, балалардың жұқпалы аурулары, балалар иммунологиясы, балалар онкологиясы, балалар гематологиясы, балалар неврологиясы, балалар нефрологиясы, балалар эндокринологиясы, балалар психиатриясы, балалар психотерапиясы, балалар токсикологиясы, балалар пульмонологиясы, балалар гастроэнтерологиясы, балалар оториноларингологиясы, балалар офтальмологиясы, балалар стоматологиясы, балалардың бет-жақ хирургиясы, балалар урологиясы, балалар мен жасөспірімдер гинекологиясы, балалар дермато-венерологиясы, жеткіншектер наркологиясы, жеткіншектер терапиясы, балалар реабилитологиясы кіреді.

6. Акушерлік-гинекологиялық бейінге гинекология, акушерлік, неонатология, медициналық генетика кіреді.

7. Медициналық көмекті көлемі аурулардың диагнозын белгілеу және оны емдеу үшін жүргізілген қажетті диагностикалық және емдік іс-шаралар кешенін білдіреді.

8. Стационарлық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарындағы медициналық көмектің көлемі стационар көрсететін медициналық көмектің түрімен бейініне байланысты.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК